

<b>Білім беру бағдарламасының атауы:</b>	7R01126 «Урология және андрология (ересектер, балалар)»
<b>Білім беру деңгейі:</b>	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (резидентура)
<b>Даярлау бағыты:</b>	7R011 Денсаулық сақтау
<b>Оқыту тілі:</b>	Қазақ / орыс
<b>Оқу мерзімі:</b>	3 жыл
<b>Жауапты кафедра:</b>	Урология және андрология кафедрасы
<b>Бағдарламаның өзектілігі, мақсаты мен міндеттері:</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Бағдарламаның қажеттілігін негіздеу (барлық жас топтарындағы пациенттердің несеп-жыныс жүйесі ауруларының толық спектрін диагностикалау және емдеу үшін арнайы білім мен практикалық дағдыларға ие жоғары білікті уролог-андролог дәрігерлерді даярлау).</li> <li>• Мақсаты мен міндеттері: «Ересектер, балалар урологиясы және андрологиясы» мамандығы бойынша дербес жұмыс істеуге арналған дәрігер-мамандардың сапасына қойылатын заманауи талаптарға сәйкес келетін білікті, бәсекеге қабілетті кадрларды даярлауды қамтамасыз ету.</li> </ul>
<b>Еңбек нарығын талдау:</b>	<p>Қысқаша талдау:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Түлектердің сұраныстылығы (уролог-андролог дәрігер денсаулық сақтау жүйесінде сұранысқа ие тар бейінді медициналық мамандар санатына жатады. Жалпы дәрігерлерге сұраныс жоғары деңгейде сақталуда, әсіресе өңірлерде мамандарға қажеттілік өзекті болып отыр).</li> <li>• Саладағы кадр тапшылығы/артықшылығы (эндоскопиялық және лапароскопиялық урологияның заманауи әдістерін меңгерген дәрігерлерге жоғары сұраныс байқалады. Ауылдық ауруханаларда кадр тапшылығы сақталуда, ал ірі қалаларда бәсекелестік жоғары).</li> <li>• Саланы дамыту және жаңа кәсіптердің пайда болу болжамы (елімізде денсаулық сақтау мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Алдағы жылдары халықтың өмір сүру ұзақтығының артуына, онкоурологиялық аурулардың көбеюіне, жоғары технологиялық медицинаның дамуына және денсаулық сақтаудың жеке секторының кеңеюіне байланысты урологтарға сұраныстың артуы болжануда).</li> </ul>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жұмыс берушілер арасында жүргізілген сауал-намалар немесе бос жұмыс орындарын талдау нәтижелері (болған жағдайда) – жоғары технологиялық медицинаның дамуына, денсаулық сақтауды қаржыландырудың ұлғаюына және медициналық ұйымдар желісінің кеңеюіне байланысты уролог түлектердің жұмысқа орналасу перспективалары қолайлы болып қала береді.</li> </ul>
<p><b>Мамандар даярлаудың халықаралық тәжірибесі:</b></p>	<p>Университеттегі және Қазақстан Республикасының басқа жоғары оқу орындарындағы қолданыстағы бағдарламаларды талдау (мамандарды даярлау мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары мен жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады).</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Оқу жоспарларын, пәндерді және практикаларды салыстыру (дәрігер-маманды даярлаудың бірыңғай базалық құрылымының бар екенін көрсетеді, оған базалық және бейіндеуші пәндер циклі, сондай-ақ оқытудың вариативтілігін қамтамасыз ететін элективті компоненттер кіреді).</li> <li>• Бағалау тәсілдері (рейтингтік-балдық жүйеге негізделеді және ағымдағы бақылауды, межелік бақылауды және қорытынды бақылауды қамтиды. Қорытынды баға жинақтаушы жүйе негізінде қалыптастырылады және GPA көрсеткішін пайдалана отырып әріптік жүйеге аударылады).</li> </ul>
<p><b>Қолданыстағы мамандар даярлау жүйесі:</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Университетте және Қазақстан Республикасының басқа жоғары оқу орындарында іске асырылатын қолданыстағы резидентура бағдарламаларын талдау (мамандарды даярлау жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім беру жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады, мұнда оқыту мазмұны мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарымен, үлгілік оқу бағдарламаларымен және жоғары оқу орындарының ішкі білім беру бағдарламаларымен айқындалады).</li> <li>• Оқу жоспарларын, пәндерді және практикаларды салыстыру (дәрігер-маманды даярлаудың бірыңғай базалық құрылымының бар екендігін көрсетеді, оған базалық және бейіндеуші пәндер циклі, клиникалық практика және білім алушылардың жеке білім беру траекториясын қамтамасыз ететін элективті компоненттер кіреді).</li> <li>• Бағалау тәсілдері (рейтингтік-балдық жүйеге негізделеді және білімді ағымдағы бақылауды, межелік бақылауды және қорытынды аттестаттауды қамтиды. Қорытынды баға жинақталған балдар жүйесі негізінде қалыптастырылады және GPA көрсет-</li> </ul>

	кішін пайдалана отырып әріптік бағалау жүйесіне ауыстырылады).
<p><b>Түлектің моделі:</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• <b>Жеке қасиеттері</b> (жауапкершілік, сыни және аналитикалық ойлау, өзін-өзі дамыту қабілеті, академиялық және кәсіби этиканы сақтау).</li> <li>• <b>Жалпы құзыреттері</b> (коммуникативтік дағдылар, командада жұмыс істей білу, цифрлық сауаттылық, мемлекеттік, орыс және шет тілдерін меңгеру, практикалық міндеттерді шешу үшін пәнаралық білімдерді қолдана білу қабілеті).</li> <li>• <b>Кәсіби құзыреттері</b> (өз саласы бойынша теориялық білімдер, кәсіби әдістер мен технологияларды практикада қолдану дағдылары, кәсіби мәселелерді талдау және негізделген шешімдер қабылдау қабілеті, инновациялық және ғылыми-зерттеу қызметіне қабілеттілік).</li> <li>• <b>Әлеуметтік сипаттамалары</b> (әлеуметтік жауапкершілік, азаматтық белсенділік, қоғамдық өмірге қатысуға дайындық).</li> <li>• <b>Ұтқырлығы және бәсекеге қабілеттілігі</b> (кәсіби және академиялық ұтқырлыққа дайындық, еңбек нарығының талаптарына жылдам бейімделу қабілеті, заманауи технологияларды меңгеруі).</li> <li>• <b>Мансаптық перспективалары</b> (түлек табысты жұмысқа орналасуға, кәсіби өсуге, инновациялық жобалар мен ғылыми зерттеулерге қатысуға, сондай-ақ білімін одан әрі жалғастыруға мүмкіндік беретін әлеуетке ие).</li> </ul>
<p><b>Бағдарламаның мақсатты аудиториясы:</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• <b>Резидентураға түсушілер:</b> бағдарламаның мақсатты аудиториясы «Ересектер, балалар урологиясы және андрологиясы» мамандығы бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім алуға ниетті жоғары медициналық білімі бар тұлғаларды қамтиды.</li> <li>• <b>Әлеуетті білім алушылардың сипаттамасы:</b> жасы орта есеппен 24–40 жас аралығындағы, интернатураны немесе тиісті базалық даярлықты аяқтаған, урология және андрология саласында кәсіби білім мен практикалық дағдыларды тереңдетуге мүдделі дәрігерлер.</li> <li>• <b>Даярлық бейіні:</b> медициналық жоғары оқу орындарының түлектері. Мотивациясы – бәсекеге қабілетті мамандық алу, кәсіби құзыреттерін дамыту, біліктілігін арттыру, ғылыми-зерттеу қызметіне</li> </ul>

	<p>қатысу және мансаптық өсуге қол жеткізу.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• <b>Болжамды контингент және жыл сайынғы қабылдау:</b> білім алушылар контингенті еңбек нарығының қажеттіліктеріне, мемлекеттік білім беру тапсырысына және университеттің кадрлық мүмкіндіктеріне сәйкес қалыптастырылады. Жыл сайынғы қабылдау, әдетте, мамандық бойынша бөлінетін мемлекеттік тапсырыс көлемі мен клиникалық базалардың мүмкіндіктеріне сәйкес жүзеге асырылады, бұл білім беру бағдарламасының тұрақты дамуын және оқу процесінің тиімді ұйымдастырылуын қамтамасыз етеді.</li> </ul>
<p><b>Білім беру бағдарламасының бәсекелік артықшылықтары:</b></p>	<p>Бағдарламаны ерекшелендіретін факторлар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Мазмұнының бірегейлігі (білім беру бағдарламасы еңбек нарығының талаптарын, кәсіби стандарттарды және халықаралық білім беру тәжірибесін ескере отырып әзірленген өзекті әрі пәнаралық мазмұнымен сипатталады. Оқу модульдері заманауи кәсіби және зерттеушілік құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған).</li> <li>• Шетелдік оқытушылар мен жұмыс берушілерді тарту (білім беру бағдарламасын іске асыруға шетелдік оқытушылардың, сарапшылардың және жұмыс берушілер өкілдерінің қатысуы көзделеді, бұл халықаралық тәжірибені ықпалдастыруға, мамандар даярлау сапасын арттыруға және білім беру, ғылым мен практика арасындағы байланысты нығайтуға ықпал етеді).</li> <li>• Инновациялық технологияларды пайдалану (білім беру процесінде заманауи білім беру технологиялары қолданылады: цифрлық оқыту платформалары, оқытудың интерактивті әдістері, жобалық-бағдарланған оқыту, қашықтықтан және аралас оқыту форматтарының элементтері).</li> </ul>
<p><b>Ресурстық қамтамасыз ету:</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• <b>Профессор-оқытушылар құрамы</b> (негізгі және шақырылған құрам, ғылыми дәрежелердің болуы): білім беру бағдарламасын іске асыру штаттық және шақырылған оқытушыларды қамтитын білікті профессор-оқытушылар құрамымен қамтамасыз етіледі. Профессор-оқытушылар құрамының елеулі бөлігі ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтарға, ғылыми-зерттеу және практикалық қызмет тәжірибесіне ие, бұл білім беру процесінің сапасын арттыруға ықпал етеді.</li> <li>• <b>Материалдық-техникалық база:</b> аудиториялар, симуляциялық орталықтар, зертханалар, цифрлық инфрақұрылым және практика базалары. Білім беру бағдарламасы мамандандырылған оқу аудиторияларын, зертханаларды, симуляциялық орталықтарды және компьютерлік сыныптарды қамтитын заманауи</li> </ul>

	<p>материалдық-техникалық инфрақұрылым базасында іске асырылады. Практикалық дағдыларды қалыптастыру үшін клиникалық базаларда тәлімгерлердің жетекшілігімен практикадан өту базалары қарастырылған.</p> <p>• <b>Оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз етілуі</b> (оқу процесі қажетті оқу-әдістемелік материалдармен, оның ішінде оқулықтармен, оқу құралдарымен, электрондық білім беру ресурстарымен және ұлттық әрі халықаралық ғылыми деректер базаларына қолжетімділікпен қамтамасыз етілген).</p>
<p><b>Білім беру бағдарламасын дамыту перспективалары:</b></p>	<p>Жоспарланған жетілдіру бағыттары:</p> <p>• <b>Жаңа пәндерді енгізу, мазмұнын жаңарту:</b> білім беру бағдарламасын дамыту оқу жоспарларын жүйелі түрде жаңартуды және заманауи ғылыми жетістіктерді, еңбек нарығының талаптарын және кәсіби стандарттарды ескере отырып жаңа пәндерді енгізуді көздейді.</p> <p>• <b>Халықаралық ынтымақтастықты кеңейту:</b> академиялық ұтқырлықты дамыту, бірлескен ғылыми-білім беру жобаларына қатысу және шетелдік серіктес жоғары оқу орындарын тарту жоспарлануда, бұл бағдарламаның халықаралық білім беру кеңістігіне ықпалдасуына ықпал етеді.</p> <p>• <b>Қос дипломды бағдарламаларды іске асыру әлеуеті және бағдарламаның икемділігін арттыру:</b> қос диплом алу мүмкіндігімен шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыру, сондай-ақ білім алушылардың білім беру траекториясының икемділігін қамтамасыз ететін оқытудың модульдік құрылымын дамыту.</p> <p>•</p>
<p><b>Білім алушылардың фотосуреттері:</b></p>	<p>(сабақтарда, іс-шараларда және т.б.)</p>